



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
ХАБАРШЫ**

**№ 3 (33)**

**2010**



## ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арабтану кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты А.Б. Жиекбаеваның «Араб, парсы тілдерінен енген кірме аффикстердің сөз-жасамдық қызметі» және Математика институтының аға ғылыми қызметкері физика-математика ғылымдарының кандидаты, филология ғылымдарының докторы Шерәлі Біләлдің «Информатикадағы жаңа ұлттық атаулар сипаты» атты мақаласы беріліп отыр.

**А.Б. Жиекбаева,**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
арабтану кафедрасының аға оқытушысы,  
филология ғылымдарының кандидаты*

### **Араб, парсы тілдерінен енген кірме аффикстердің сөзжасамдық қызметі**

Шығыс сөздері қазақ тілінде белгілі бір дәрежеде игерілсе де, оларды өзге лексикалық бірліктерден оқшаулап, бөлектеп тұратын белгілері жоқ емес. Қазақ тіліне еніп, терминдер жүйесіне қабылданған араб, парсы элементтеріне қатысты белгілердің бірі олардың сөзжасамдық белгісін қарастырамыз.

Шығыс сөздерінің сөзжасамдық белгісі сол тілдерге тән сөз тудырушы аффикстер, префикстер мен аффиксоидтар арқылы көрінеді. Көптеген ғалымдардың пікірінше, сөзжасамдық белгілер бірден анықталмады, құрылымы бірдей сөздердің тобы енгеннен кейін, біршама уақыттан соң ол элементтердің дифференцияланып, жаңа сөз жасауға мүмкіндігіне ие болғаннан кейін ғана барып ол аффикстердің, префикстердің сөзжасамдық белгісі туралы айтуға болатынын айтады [1, 111 б.].

Қазақ терминологиясы араб, парсы лексикалық элементтерімен ғана емес, сонымен қатар осы тілдерден енген аффикстер жүйесі арқылы да толығып, байып, дамып отырғаны белгілі. Л. Рүстемов бұл процесс туралы: «Әрине, парсы тілінен ауысқан жұрнақтар лексикалық элементтерден бөлек, жеке-дара күйінде тілімізге енген емес. Алғашында жұрнақтар да парсы тілінен ауысқан белгілі бір сөздермен бірге, солардың құрамында қазақ тіліне енгені анық» дейді [2, 129 б.]. Жалпы, өзге тілден аффикстерді қабылдаудың табиғатын орыс тіл білімінде В.М. Аристова, С.А. Беляева, Н.К. Камалов зерттеген. Бұл еңбектерде сөз тудырушы аффикстердің қабылдаушы тілде игерілуі бірнеше кезеңге бөлініп, жан-жақты қарастырылады. Алғашқы кезеңде басқа тілдің аффикстері қабылдаушы тілге белгілі бір лексикалық бірлік құрамында енеді, екінші кезеңде олар өздерін алып келген лексемалардан бөлініп шығып, дифференцияланып, жаңа сөз жасауға бейім болады. Бұл жаңа сөздер негізінен кірме сөздерден жасалады. Үшінші кезеңде бұл аффикстер игеріліп, олардың семантикалық және тұлғалық ерекшеліктері көмескіленеді де, ендігі жерде олардың көмегімен төл сөздерден де жаңа сөздер жасалына бастайды. Бұл аталған белгілер араб, парсы аффикстеріне де қатысты деп толық айтуға болады. Енді осы кірме аффикстердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

**-гер/-кер** жұрнағы. Л. Рүстемов бұл жұрнақты парсының *карідән* және *кәшитән* «себу, сеуіп шығу» етістіктерінің осы шақта тұрған негізі ретінде қарастырады. Бұл аффикстік морфемалар қазақ тілінде сөзге жалғанып, адамның белгілі бір қызметінің атын білдіреді және көбіне араб, парсы сөздерінің құрамында кездеседі, мысалы: *талапкер, қызметкер, үміткер, қаламгер, мұрагер, жауапкер, айыпкер*. Қазіргі кезде бұл жұрнақтың қолданылу аясы кеңейіп, қазақтың төл сөздеріне де жалғана бастағанын байқауға болады, мысалы: *баспагер, заңгер, кәсіпкер*. 90-жылдардан бастап осы жұрнақтың көмегімен қазақ тілінің терминдік жүйесі бірқатар жаңа сөздермен толықты. Мұндай сөздер негізінен араб, парсы тілдерінің сөздері болып келеді. Жаңа терминдер қатарында *жалгер* (арендатор), *мердігер* (подрядчик), *зейнеткер* (пенсионер), *тәлімгер* (наставник), *азаткер* (освободитель) сияқты қоғамдық-саяси саланың терминдері ретінде тұрақтап, терминдер сөздігіне енгізілді. Бұл сөздер мерзімді баспасөз бетінде жиі қолданылып, құлаққа сіңісті болып та қалды. Қ. Есенова «уәжділігі күшті қолданыстар» қатарына осы қосымша арқылы жасалған атауларды жатқызады. Заман ағымына байланысты, әсіресе, *кәсіпкер* (предприниматель) және *саясаткер, қаржыгер, заңгер* сөздері газет беттерінде ең жиі қолданылатын атаулар. Одан кейінгі орынды *банкер* мен *сазгер* сөздері алады екен [3, 368 б.]. Осы қосымшамен жасалған жаңа термин «үміткер» сөзінің активтеле түскені байқалады. Претендент, кандидат сөздерін ауыстырып, саяси терминдер қатарына қосылды. Сол сияқты *иегер* сөзі «лауреат» ұғымын атауда да кең қолданылып жүр. Мысалы: Кеше Алматыдағы Республика сарайында «Дарын» сыйлығының иегері, әнші Қ. Бекіштің жеке концерті болып өтті (Жас Алаш, 2006). Аталған жұрнақ арқылы тіпті орыс сөздерінен де термин жасау талпынысы байқалады, дегенмен мұндай сөздер санаулы ғана, мысалы, *газеткер, киногер*: Жасы ұлғая келе, Алматы облыстық «Жетісу» газетінде жемісті газеткер болды (ҚӘ, 1985). Бұл тілдік құбылыс парсы тілі жұрнақтарының тілімізде дифференциаланып, игерілгенінің дәлелі болса керек.

**-нама, -наме** парсы тілінде «хат, грамота, кітап, документ», яғни «хатқа түскен, жазылған нәрсе» деген дербес мағынасы бар лексикалық бірлік. Қазақ тілінде бұл сөз өзінің дербестігінен айырылып, термин жасаушы өнімді аффикс қызметінде жұмсалуда, мысалы: *дәуірнама (эпопея), азанама/қазанама (некролог), жарнама (реклама), есімнама (персоналии), зұмырнама (биография), тарихнама (историография), сауалнама (анкета), рұқсатнама (виза, лицензия), жаднама (памятка), зарышнама (космология), сапарнама (путевая записка)* секілді атаулар жасалып, олардың бірқатары терминологияға еніп, енді бірқатарына әлі де болса құлағымыз үйреніңкіремей жатқаны рас. *Нама* сөзі негізінен араб, парсы тілдерінен енген сөздерге жалғанады екен,



алайда бұл аффикс қазақтың төл сөздеріне жалғанып, олар тіліміздің терминдер жүйесінен берік орын алып үлгерді, мысалы: *жылнама*, *жұлдызнама*. Бұл сөздің «хат» деген мағынаны беретінін жоғарыда айттық, дегенмен *нама* арқылы жасалған сөздердің барлығы түпнұсқа тілдегі мағынасына сай жұмсалуда ма? Мысалы, *тарихнама* «сөзі хатқа түскен, жазылған тарих, тарих туралы деректер» деген мағынаны білдіріп, «историография» сөзінің баламасы ретінде қолданыс тапқан. Ал *сапарнама* деген терминді «сапар туралы жазылған нәрсе» немесе «сапар туралы жазба» деп түсінуге болса, *сапарнама* сөзін «путешествие» сөзінің баламасы ретінде ұсыну уәжсіз деген пікірдеміз.

**-хана** аффиксі. Бұл аффикс те *нама* аффиксі секілді парсы тілінде дербес лексикалық бірлік болғанмен, қазақ тілінде жеке-дара қолданылмайды, белгілі бір сөзге жалғанып, белгілі бір мекеннің, үй-жайдың қандай мақсатқа арналғанын танытады. Мысалы: *мейманхана*, *кітапхана*, *дәріхана*, *ұстахана* секілді сөздер құрамында кездесіп, сингармонизм заңына бағынбай, тек қана *хана* тұлғасында жалғанады, фонетикалық варианттары жоқ. Бұл белгі оның өзге тілден келгендігінен хабар беріп, оны оқшаулатады. Тілімізге ертеректе еніп, игерілген бұл аффикс *асхана*, *шайхана*, *масахана* сияқты төл сөздерге жалғанып тұрса, соңғы кезде де *-хана* аффиксінің төл сөздерге жалғануы арқылы тілімізде көптеген жаңа терминдер жасалып, қолданысқа енгізілуде. Мұндай терминдер орыс тілінен енген терминдерді ығыстырып, солардың орнына пайдаланылуда: *дыбысхана* (фонотека), *дәріхана* (аптека), *зертхана* (лаборатория), *ойынхана* (игротекa), *мейрамхана* (ресторан). Әрине, бұл сөздердің бәрін бірдей кеше ғана жасалып, қолданысқа жаңа түскен сөздер деп айтуға болмайды, олардың бірқатары бір кездерде қолданыста болып, кейін орыс сөздеріне орын беріп, пассив лексикаға кеткендер, бүгінгі таңда олар қайта оралуда (дәріхана).

Терминжасамдағы ең өнімді жұрнақтардың бірі – парсы тілінен енген **бей-** префиксі. Бұл префикс негізінен араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздердің алдына жалғанып, сол лексикалық бірліктердегі қасиеттің, белгінің жоқ екендігін көрсетеді, қазақтың **-сыз** жұрнағымен мағыналас, мысалы: *бейтарап*, *бейәдептілік*, *бейресмилер*. Соңғы жылдар жемісіне бұл префикстің қазақтың төл сөздеріне жалғануы арқылы жасалған қоғамдық-саяси саладағы терминдерді жатқызамыз, мысалы: *бейпартиялық* (беспартийность), *бейтекті* (космополит), орыс сөздеріне де жалғануда: *бейфенитті тұлға* (лингвистика саласының термині), *бейтерминдену* (тілтаным). Соңғы уақытта жеке тұлғалардың қолданысында бұл префикс қазақ сөздерімен жиі қолданыла бастаған үрдісті байқаймыз. Мысалы: *Жалпы бейұлттық мәдениет пен өркениетті, тіл мен дінді насихаттаған осынау оқу құралынан соң сана-сезімі қалыптасып, оңы-солын танымаған жа-*

*старымыздан не үміт, не қайыр? (А. Әлім). Фильм бүкіл идеясымен ұлттық киномыздан алыс, қазақ кино өмірін американизациялауға алып баратын, бейтопырақта өнген туынды (А. Әлім).*

**-ет, -ят, -ат** жұрнақтары. Мәдениет, әдебиет, саясат, әлеумет, руханият, хикмет секілді шығыс сөздерінің соңындағы **-ет, -ят, -ат** аффикстері араб тіліндегі әйел текті сөздерінің көрсеткіші болып табылады. Араб сөздерінің бірқатар сөздері паузалық тұлғада, яғни соңындағы **-тун** жалғауының мүлде түсіп қалуы арқылы (фатиха, айла, тәжірбие, мәртебе) еңсе, көптеген сөздер сөз соңындағы **~ та-**марбутаның сақталуы арқылы енген (әділет, қызмет, жамағат, әлеумет). Мұның себебі араб сөздерінің түркі тілдеріне парсы тілі арқылы сатылай енуінен деп ойлаймыз. Парсы тілінің араб тілі элементтерін қабылдау каналдарының бірі болғандығы туралы Ә. Құрышжанов куман тіліндегі араб-парсы лексикасы туралы мақаласында [4] көрсетсе, қазақ тіліне парсы тілі ықпалының күшті болғаны Ә. Дербісәлиев те растайды. Орта Азия мен Қазақстанды арабтар жаулап, ислам дінін солар таратқанымен, мұнда парсылар мәдениетінің ықпалы арабтарға қарағанда күштірек болды. Оқу-ағарту мәселесінде де, әсіресе парсы тілінің сөздері мен сөздік элементтері, грамматикалық атаулары жиі қолданылады. Балх, Мары, Хорезм, Иасы, Сүткент, Сауран, Сығанақ, Құлын, Тараз қалаларында ғылым, білім, өнер жандана бастайды [5, 9 б.]. **-ят** жұрнағына аяқталған сөздердің құрамындағы **-ят** араб тіліндегі әйел текті есім сөздің көптік тұлғаның көрсеткіші, ол тіліміздегі *руханият, исламият* сияқты сөздердің құрамында бар. Енді осы үлгіде қазақ сөздерінен де жаңа терминдер жасала бастады, *жағдаят, өркениет, мұрағат* секілді сөздер қалыптасты. Қазақтың *жағдай* деген төл сөзінен жоғарыдағы үлгі бойынша *жағдаят* сөзі жасалып, екеуі де қоғамдық ғылымдар саласына қатысты термин ретінде қолданылуда, бір негізден тараған екі сөз дифференцияланып, терминдік мағыналары нақтыланған, *жағдай* «положение» болса, *жағдаят* «ситуация» деген мағынада жұмсалып жүр. Сонымен қатар *историография* деген сөздің орнына *тарихият* сөзі, *идеал* деген термин сөзді *мұрағият* сөзімен ауыстыру ұсынылып жүр. Пассив лексикадағы осы сияқты ертеректе қолданылған, бірақ сандаған жылдар бойы қолданылысқа түспей жатқан кірме элементтерді жандандырып, оны орыс сөздерінің орнына пайдалануға ұсыну үрдісі бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Терминжасамдағы ең өнімді аффикс – араб тіліндегі қатыстық сын есім жасайтын – **и** жұрнағы. Бұл жұрнақ *әдеби, мәдени, саяси, ғылыми, әскери, ресми, рухани, кітаби* сияқты араб сөздерінің құрамында кездеседі. Жаңа терминдер мен терминдік тіркестер жасауға ұйытқы болып, тіркесу қабілеті жоғары екенін аңғарамыз. Мысалы, философия және саясаттану терминдерінің сөздігінде *әскери* сөзі 22 сөз тіркесінің құрамында, *әдеби* сөзі



22, ал *мәдени* сөзі 44 тіркес құрамында кездесті. Сол сияқты бұл жұрнақтың ашық буынға аяқталған сөздерден кейін жалғанатын *-уи* тұлғасы да қазіргі уақытта тілімізде бар, мысалы, *заманауи*, *дүнияуи* сөздері терминология жүйесінде орын алмағанмен, арагідік баспасөз тілінде бой көрсетіп қалады. Араб тілінде *заманауи* деген сөздің өзі жоқ. Бұл сөз парсы тілі арқылы енген, ал *дүнияуи* сөзі арабтікі, дегенмен араб тілінің өзінде *-уи* аффиксін қолдану сирек кездеседі, мұның себебі тілдегі үнемділікке (экономия), айтуға жеңіл болуын көздеген мақсатқа байланысты болуы мүмкін. Мысалы, араб тілінде «франциялық» деген сөздің екі түрлі варианты бар, *фарансауи* және *фаранси*, бірақ арабтар *фаранси* деген ықшамдалған, айтуға жеңіл түрін қолдануға бейім.

Бүгінгі кезде *и* жұрнағы дифференцияланып, төл сөздерге де жалғана бастады, мысалы, қазіргі кездегі *қазақы* деген сөздің бастапқыдағы тұлғасы *қазақи* түрінде болған, бергін келе ол қазақы болып дыбыстық өзгеріске түскен, мысалы *қазақы сөздер* (казахизмы). Кейде бұл жұрнақ орынды, кейде орынсыз жалғанып, жаңа сөздер жасау амалы ретінде жөнсіз қолданыла бастады. Бұл аффиксті қазақтың *-тық* жұрнағының орнын ауыстырып қолдануға әуестену байқалады. Мысалы, соңғы уақыттарда *газети лексика*, *заңи термин* деген тірестердің орнына *газет лексикасы*, *заң терминдері*, *қоғами гендерлік қатынас* тіркесіндегі *қоғами* сөзінің орнына *қоғамдық* деп, қолданыста бұрыннан бар тұлғасын пайдалансақ, одан ешқандай ұтылмас едік. Егер кірме бірліктерді орнымен, белгілі бір шамада, шектен шықпай пайдалансақ, онда бұл құбылыстың зияны болмас еді, тілді бұзатын, әсіресе, шектен шығу, шамадан артық кету болып табылады.

Қазақ тілінде жоғарыда айтылған кірме жұрнақтар әлі де өміршендігін жоймаған, терминжасамда өнімді жұрнақтар қатарына жатады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. *Лотте Д.С.* Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и термиозлементов. – М.: Наука, 1982. – 147 с.
2. *Рүстемов Л.З.* Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
3. *Есенова Қ.* Қазіргі қазақ медиа мәтінінің прагматикасы. – Алматы, 2007. – 450 б.
4. *Қурьшижанов А.* Арабо-персидские элементы в куманском языке // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 4-ші басылымы, 1962.
5. *Дербісәлиев Ә.* Шыңырау бұлақтар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 256 б.

Шерәлі Біләл,

*Математика институтының аға ғылыми қызметкері  
физика-математика ғылымдарының кандидаты,  
филология ғылымдарының докторы*

## ИНФОРМАТИКАДАҒЫ ЖАҢА ҰЛТТЫҚ АТАУЛАР СИПАТЫ

Ақпарат (латынша informatio – түсіндіру, мазмұндама, хабардарлық) – кейбір мәліметтерді, қайсыбір деректер, мағлұматтар және т.б. жиынын белгілейтін ғылыми ұғымдардың ең жалпыланған түрі. Ақпарат ұғымы әдетте, кем дегенде, үш бірдей нысанға – ақпарат көзі, ақпаратты тұтынушы және таратушы ортаға – арқа сүйейді. Ақпарат таза күйінде таратыла, қабылдана немесе сақтала алмайды. Оның тұғыры – дерек болып табылады. Дерек – ақпарат көзі арқылы және әлдебір реттелген жиын құратын шартты етіс таңбалар (әріппе) тізбегі арқылы өрнектелген оқиғаның дөптелген баламасы. Осы тізбек ұлт тілінде өрілуге тиіс, әрине. Енді осы ақпарат туралы ілімді информатика десек болады. Информатика ғылым саласы ретінде әлі толық қалыптасып үлгермесе де кәзір қызу қарқынды даму үстінде. Ол дәстүрлі қалыптасқан ғылым салаларын алдыңғы шептен ығыстырып, барлық ғылымға жол сілтеуші көшбасшы орынтағына ұмтылып келеді. Яғни, философияның орнын баспақ ниетінде. Олай болса, осындай, келешектен зор үміт күттіретін ғылым саласын игеруге қазақ тілі де мүдделі болса керек. Ал, игеру дегеніміз, ғылым атауларын ұлт тілінде сөйлетіп, оқулық тілін қалыптастыру. Бұл мәселенің жалпы ғылымға қатысты теориялық жақтарын біз өзіміздің бір еңбегімізде [1] толығымен қарастырған болатынбыз. Ал, нақты осы информатика атауларын біз тағы бір еңбегімізде [2] жан-жақты қарастырдық. Енді осы [2] еңбегіміздегі жаңа ұлттық атаулардың жасалу жолдарына тоқталып көрелік. Бұл аталған еңбектер келесі бір еңбегімізде [3] «жалпы информатика» оқулығында кеңінен қолданылды. Сонымен, жаңа атаулар: **Өзжауап** – автоответ, **аптоқ** – авост, **өзшақырылым құрылғы** – автоматическое вызывное устройство, **жаят** – адрес, **әуел** – элемент. Осыдан, автоматическ-ий (ое, ая) орыс сөздерін «өз» сөзімен толық ауыстыруға болатындығы көрінеді, ал екінші көпсөзді атауда тіпті сөздер саны азайып, сапалы ықшамдыққа қол жеткізілген. Ал, **«аптоқ»** сөзі «апатты тоқтату» сөз тіркесінің қысқартылған түрі. Біздің түсінігімізде, жөнге келетін-ақ сияқты. Себебі, біріншіден, біздің сөздік қорымызда жоқ жаңа сөз; екіншіден, уәжді (мотивированный), шығу тегі түсіндірілімді. Жаят-жай аты. «Тұрақ» сөзі



(мотивированный), шығу тегі түсіндірілімді. Жаят-жай аты. «Тұрақ» сөзі дәлірек келер ме еді, бірақ бұл сөз қолданыста көбірек болғандықтан, одан қаштық. Негізі, жай, тұрақ сөздері синоним (мәндес) сөздер болса керек. Сонымен, тағы да сөздік қорымызға жаңа сөз қосылды – **жаят**. Ал, енді «элемент» сөзінің баламасы ретінде алынған «**әуелге**» келер болсақ, ол мән-мағынасына сай келеді. Оны энциклопедиялық математика сөздігінен қарауға болады.

Келесі бір жаңа атаулар тобы: **Пішім** – модель, **аражат** – буфер, **аражаттар лықуы** – переполнение буферов, **кәрездік желі** – сотовая сеть, **құпият** – шифр. Пішім-киім тігу ісінде қолданылатын негізгі іс-қимыл атауы (пішу – моделирование). Осы, киім пішудегі пішу қызметі өзге заттық, бейзаттық пішулерге де сәйкес келетіндігі күмән туғызбайтын сияқты. Ал, буфер – аралық жад. Сонда **аражат** екі сөздің бірігуінен туған жаңа атау-сөз. Бұрынғы екі томдық орысша-қазақша сөздікте сотовый – **кәрез** деп берілген. Ал, жаңа сөздікте оған «ұялы» сөзі қосылыпты. Біздіңше, егер «ұялы» сөзін дұрыс түсінсек, «сотовыйдай» басқа да ұялы телефондар баршылық. Біз бұл «ұялы» сөзін сәтті аударма дей алмаймыз. Сондықтан да, бір көргенде тосын да түсініксіздеу болғанымен, «кәрез» сөзін «сотовыйдың» баламасы ретінде пайдалануға әбден болады. Переполнение буферов – **аражаттар лықуы** аудармасындағы «**лықу**» атау сөзін сәтті аудармалар қатарына жатқызамыз. Осы сөзге қарап тұрып, қазақ сөзінің байлығына, одан кез-келген жаттілдік атауға балама табылатындығына сенесіз. Шифр – **құпият** аудармасындағы ұлттық атау сөз құпият (ау) қос сөзінің біріктірілуінен жасалған.

Тағы бір топ атаулар: **етер** (амалгер) – оператор, **шындау** – верификация, **алап** – массив, **ұқсату** – идентификация, **өзететіндеу** – автоматизировать, **сілтер** – курсор, **шетенткіш** – терминал, **қаттама** – пакет, **бейнетаным** – распознавание образов, **іштүзгі** – внутренний компонент.

Бізде операция – амал аудармасы қалыптасқан, оған ешкімнің таласы жоқ. Олай болса, «амалгер» атау сөзі де ешбір күдік туғызбасқа керек. Дегенмен, бұл сөзтұлғада сингармонизм заңдылығы сақталмаған. Осы жәйтті ескере отырып, бұл атауды **етер** сөзімен ауыстырғанды мақұл көрдік. Ал бұған түсінік беруді артық санаймыз. Верификация – **шындау** аудармасында дұрысы «шындау» болса керек. Біз оны саналы түрде «шындау» сөзімен ауыстырып отырмыз. Бұдан сөздің атаулық қасиеті арта түскендей көрінеді.

Массив – **алап** геологиялық, геофизикалық атаулардан келеді. Бұл аударманы информатика атауына пайдалансақ, одан атауға нұқсан келмей-

тіндігі көрініп – ақ тұр. «Алап» сөзі өзінің мәністік құпиясын лезде аша қоймайды. Соның өзі-ақ оған атаулық қасиет беріп тұр. Ал, идентификация – **ұқсату** жай сөздей көрінгенімен, ол – атаусөз, басқару теориясының бүтіндей бір саласы осылай аталады. Бұл атаудың өз ұлттық баламасын дәл табуы ізденуші көңіліне сенім ұялатады. Яғни, ұлт тіліне деген сенім. Күнделікті қолданыстағы жай сөздің кең мағыналы атаусөзді дәл бейнелеуі қазақ тілі мүмкіндігінің, әлеуетінің зор екендігін білдірсе керек.

Автоматизировать – **өзететіндеу** аудармасындағы өз сөзімізге күдікпен қарасақ та, анадай дағарадай қастерлі сөздің баламасына лайық еместеу, қораштау көрінгенімен, екінші жағынан дәлме-дәл – ақ келіп тұр. Тосырқай қарауымыз көз үйренбегендіктің салдары болса керек.

Курсор – **сілтер** аудармасында тіпті де мін жоқ сияқты. Бұл сөзге қатысты біз осы пікірімізде қалғымыз келіп тұр.

Терминал – **шетенткіш** аудармасы да бізге сәтті аударма сияқты көрінеді. Оған көз жеткізу үшін терминал дегеннің не екендігін тағы бір ой елегінен өткізіп көрсеңіз болады.

Пакет – **қаттама**. Бұл аудармаға түсінік беруге әзірше сәл қиналып тұрған жағдай бар. Бірақ оның дәлдігіне деген сенім мол. Оны түйсік арқылы сезінгендейміз.

Распознавания образов – **бейнетаным**. Бұл да сәтті аударма болса керек. Оны түсіндіріп жату артықтау болар.

Внутренний компонент – **іштүзгі**. Мұндағы «**түзгі**» сөзі осы мағынада алғаш рет қолданылып тұр. Біздіңше, таптырмайтын атау сыңайлы.

Енді соңғы бір атаулар топтамасына тоқталайық: Шина – **сымба**, кабель – **топсым**, код – **дөп**, алфавит – **әріппе**, адаптер – **септеме**. Мұндағы шина – **сымба** аудармасындағы атаудың ұлттық баламасын сұрақ белгісі ретінде түсіну керек. Яғни, сым ба, жоқ әлде басқа ма? Бұл да бір аудармашының, дәлірек айтсақ, термин жасаушының тосын жүрісі болса керек, солай қабылдаған жөн. Ал, бұл сөзді түпнұсқалық зат атын дәл бермейді деп айта алмайсыз.

Кабель – **топсым** атауында аса тапқырлық (тосыннан жаңа сөз табу) байқалмаса да ұқсату нышаны байқалады. Яғни, әзірше қажетке жаратуға болатын сияқты.

**Дөп** – код атауына түсінік беру әзірше қиындау, әрине. Бірақ сонда да болса, бұл атау – сөз жасаушының ой шалқытуының, терең де ауқымды пайымдауларының жемісі болғандықтан, оған бейжәй қарау орынсыз болса

керек. Яғни, осылай қолдана тұрайық. Қоғамдық сана атауды осы мағынада қабылдауға дайын болмаса да ертең бәрі де орнына келіп, сөзге татымды немесе тұшымды түсінік берілуі әбден мүмкін. Сырт қарағанда, бұл сөз өзінің қысқа да нұсқалығымен қызықтырады.

Алфавит – **әріппе** атауында дәлдік бар.

Әліппе атауы букварь да, азбука да, алфавит те болып қолданылып жүр. Соның жүгін жеңілдету мақсатында «әріппе» жана атауы енгізілді. Сөз мәніне сәл тереңірек үнілер болсақ, бұл сөзде дәлдік те, аздаған шалқу да бар.

Адаптер – **септеме** атауы аса сәтті туынды емес сияқты. Бұл, «жоктан бар жақсы»-ның көрінісі болса керек. Осыны түсінген жағдайда дәл балама табылатындығы даусыз.

Сонымен, жаңа ұлттық атауларға біршама түсінік берілді. Осы аз ғана талдаудың өзінен-ақ қазақ тілі әлеуетінің зор екендігі байқалады. Оның кезкелген ғылым атауын қазақша сөйлетуге қауқары әбден жетеді. Олай болса, «мың сіз-бізден бір, шыж-быж артық» – демекші, сөзден іске көшкеккеніміз абзал болар еді. Істі неден бастау керек дегенде, біз оны – кітәп аударудан бастау керек - дер едік. Сонда атауларды аудару қажеттілігі айқын сезілер еді. Әрине, аударма ісі ұлттық атаулар жасау ісімен қатар жүргізілуге тиіс. Сонда аударма еңбек пен оның аясында туындаған терминологиялық сөздік (жәй немесе түсіндірмелі) бірге жасалады. Ғылыми аударма ісі жаппай қанат алуға тиіс. Ғылыми әдебиетті орыс тілінен және басқа тілдерден аударуды жолға қою арқылы ұлттық ғылым тілі мәселесі өз шешімін тауып, дамудың даңғыл жолына түсетін болады. Сол кезде, яғни, аудару жұмысымен жаппай тыңғылықты айналысқан кезде, ешбір теориясыз-ақ қай терминді аударып, қай терминді аудармай алу керектігі «соқырға таяқ ұстатқандай» көрініп тұрады. Бүгінде айтылып жүрген: «ананы аудару керек, мынаны аудармай алу керек» – деген сияқты бейпарық тиянақсыз сөздер біржола тиылатын болады. Ұлттық ғылым өз арнасына түсіп, бірқалыпты бейбіт тіршілік кешетін жағдай орнығады. Сол күнге тезірек жету үшін риясыз шынайы еңбектеніп көрейік.

### Пайдаланылған әдебиет

1. Ш. Біләл. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы. «Ғылым». 1996 ж. – 430 бет.
2. Е. Бидайбеков, Ш. Біләл, С. Григорьев. Ақпараттандыру атаулары. – Алматы. «Білім». 2001 ж. – 250 бет.
3. Е. Бидайбеков, Ш. Біләл, т.б. Жалпы информатика. – Алматы, 2008 ж. – 370 бет.

## ҰСЫНЫСТАР, ПІКІРЛЕР

Бұл айдармен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі жанынан құрылған Салалық терминология комиссиясы мамандар талқысына ұсынған төтенше жағдайлар саласында жиі қолданылатын 3860 терминді қамтитын сөздік жарияланып отыр.

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі  
жанынан құрылған Салалық терминология комиссиясы  
төтенше жағдайлар саласында жиі қолданылатын  
3860 терминді мамандар талқысына ұсынып отыр.**

**А**

<b>абляция ледника</b>	мұздықтың семуі
<b>абразия</b>	мүжілу
<b>абсорбция газов</b>	газды сорып алу
<b>аварии и катастрофы в труднодоступных районах</b>	жетуі қиын аудандардағы апаттар (авариялар) мен жойқын апаттар
<b>аварийная защита</b>	апаттан қорғау
<b>аварийная обстановка</b>	апатты ахуал
<b>аварийная работа</b>	апаттық жұмыс
<b>аварийная ситуация</b>	апаттық жағдай
<b>аварийная ситуация на ядерной установке</b>	ядролық қондырғыдағы апаттық жағдай
<b>аварийная среда</b>	апаттық орта
<b>аварийно-химически опасное вещество ингаляционного действия</b>	ингаляциялық әсері бар апаттық химиялық қауіпті зат
<b>аварийно-восстановительные работы</b>	апаттық-қалпына келтіру жұмыстары
<b>аварийно-восстановительные работы в чрезвычайной ситуации</b>	төтенше жағдайларда апаттық-қалпына келтіру жұмыстары
<b>аварийно-спасательная операция</b>	апаттан құтқару операциясы
<b>аварийно-спасательная работа</b>	апаттан құтқару жұмысы
<b>аварийно-спасательная служба</b>	апаттан құтқару қызметі
<b>аварийно-спасательное имущество</b>	апаттан құтқару мүлігі
<b>аварийно-спасательное формирование</b>	апаттан құтқару құралымы
<b>аварийно-спасательные инструменты и снаряжения</b>	апаттан құтқару құралдары мен жабдықтары
<b>аварийно-спасательные подразделения</b>	апаттан құтқару бөлімшелері
<b>аварийно-спасательные работы при стихийных и экологических бедствиях</b>	дүлей және экологиялық зілзалалар кезіндегі апаттан құтқару жұмыстары
<b>аварийно-спасательные силы</b>	апаттан құтқару күштері

аварийно-спасательные силы постоянной готовности	тұрақты әзірліктегі апаттан құтқару күштері
аварийно-спасательные средства	апаттан құтқару құралдары
аварийно-спасательный инструмент	апаттан құтқару жабдығы
аварийно-судоподъемные работы	апаттан кемеңі көтеру жұмыстары
аварийно-химически опасное вещество	апаттық химиялық қауіпті зат
аварийные подводно-технические работы	апаттық су асты техникалық жұмыстары
аварийный взрыв	апаттық жарылыс
аварийный выброс	апаттық қалдық
аварийный выход	апаттық есік
аварийный сертификат	апаттық сертификат
авария	апат (авария)
авария и ее последствия	апат және оның зардаптары
авария морского (речного) объекта	теңіз (өзен) объектісінің апаты
авария на АЭС	АЭС-тағы апат
авария на магистральном трубопроводе	магистральды құбырдағы апат
авария на подземном сооружении	жер асты құрылысындағы апат
авария на промышленных объектах	өнеркәсіптік объектілердегі апат
авиасанитарный отряд	авиасанитарлық жасак
авиатранспортные предприятия и авиакомпании	авиакөліктік кәсіпорындар мен авиакомпаниялар
авиационная катастрофа	авиациялық жойқын апат
авиационно-космические наблюдения	авиациялық-ғарыштық бақылау
авиационный поиск и спасение	авиациялық іздеу және құтқару
автоблокировка	автобөгеу
автодегазационная станция	автогазсыздандыру станциясы
автоматизированная информационно-управляющая система	автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесі
автомат к ноге	автомат(ты) аяққа
автомат на грудь	автомат(ты) кеудеге
автомат на плечо	автомат(ты) иыққа
автомат на ремень	автомат(ты) белдікке
автоматизированная система	автоматтандырылған жүйе



<b>автоматизированная система управления</b>	автоматтандырылған басқару жүйесі
<b>автоматизированный</b>	автоматтандырылған
<b>автоматизировать</b>	автоматтандыру
<b>автоматическая подстройка</b>	автоматтық ыңғайластыру
<b>автоматическая пожарная сигнализация</b>	автоматты өрт сөндіру дабылы
<b>автоматическая пожарная сигнализация и система оповещения</b>	автоматты өрт сөндіру дабылы мен хабарлау жүйесі
<b>автоматическая система газового пожаротушения</b>	газбен өрт сөндірудің автоматтық жүйесі
<b>автоматическая система дренчерного пожаротушения</b>	дренчерлік өрт сөндірудің автоматтық жүйесі
<b>автоматическая система контроля</b>	автоматты бақылау жүйесі
<b>автоматическая система пенного пожаротушения</b>	көбікпен өрт сөндірудің автоматтық жүйесі
<b>автоматическая система порошкового пожаротушения</b>	ұнтақпен өрт сөндірудің автоматтық жүйесі
<b>автоматическая система спринклерного пожаротушения</b>	спринклерлік өрт сөндірудің автоматтық жүйесі
<b>автоматическая телефонная сеть</b>	автоматты телефон желісі
<b>автоматическая телефонная станция (АТС)</b>	автоматты телефон станциясы (АТС)
<b>автоматическая установка пожаротушения</b>	автоматты өрт сөндіру қондырғысы
<b>автоматический выключатель</b>	автоматты ажыратқыш
<b>автоматический ответчик</b>	автоматты жауап бергіш
<b>автоматический поиск</b>	автоматтық іздеу
<b>автоматический радиопеленгатор</b>	автоматты радиотұтқыш
<b>автомеханическая лестница</b>	автомеханикалық саты
<b>автомобиль аэродромный пожарный</b>	аэродромдық өрт сөндіру автомобилі
<b>автомобиль газодымозащитной службы</b>	газ-түтіннен қорғау қызметінің автомобилі
<b>автомобиль для прокладки рукавов</b>	жең (кұбыршек) салу автомобилі
<b>автомобиль освещения</b>	жарық бергіш автокөлік
<b>автомобиль пожарно-спасательный</b>	өрт сөндіру-құтқару автомобилі

автомобиль пожарный  
пенно-порошкового тушения

автомобиль пожарный  
с порошковой установкой  
пожаротушения

автомобиль пожарный  
с углекислотной установкой  
пожаротушения

автомобиль пожарный штабной

автомобиль рукавный

автомобиль связи  
и освещения

автомобиль службы связи

автонасос

автоокисление

автоцистерна пожарная  
легкого типа

агрессия

адаптация

адаптация социальная

адресная помощь

адресная социальная помощь

адыры

азотная кислота

акватория

аксессуары

акт о пожаре

акт правовой (законодательный)  
по охране окружающей среды

активное воздействие

активность

активность минимально  
значимая удельная

активный

активный газ

актуализация

актуальный

акустический шум

көбік-ұнтақты өрт сөндіру  
автомобилі

өрт сөндіруге арналған ұнтақты  
қондырғысы бар автомобиль

өрт сөндіруге арналған  
көмірқышқылдық қондырғысы бар  
өрт сөндіру автомобилі

штабтық өрт сөндіру автомобилі  
жендік (кұбыршекті) автомобиль

байланыс және жарық беру  
автомобилі

байланыс қызметінің автомобилі  
автосорғы

өздігінен қышқылдану

жеңіл типті өрт сөндіру  
автоцистернасы

агрессия

бейімделу

әлеуметтік бейімделу

атаулы көмек

атаулы әлеуметтік көмек

адырлар

азот қышқылы

айдын

1. толықтауыш қосалқылар

2. аксессуарлар

өрт туралы акт

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі  
құқықтық (заңнамалық) акт

белсенді әсер ету

белсенділік

ең аз мәнді үлес белсенділігі

белсенді

белсенді газ

жандандыру

өзекті, көкейкесті

акустикалық шу



акустическое поражение	акустикалық зақымдау
акцентировать	баса назар аудару
акция терроризма	терроризм акциясы
алеврит	құмайт
альтернатива	балама
альфа-излучение	альфа-сәулелену
анализ гидроморфологический	суморфологиялық талдау
анализ грунтов механический	топырақты механикалық талдау
анализ и прогноз ЧС	ТЖ талдау мен болжау
анализ опасности	қауіптілікті талдау
анализ почвы	топырақты талдау
анализ риска	тәуекелді талдау
анализ сейсмического риска	сейсмикалық тәуекелді талдау
анализ сейсмограмм	сілкініс жазбасын талдау
анализ состояния готовности ГО	АҚ дайындық жағдайын талдау
анализатор горючей смеси	жанғыш қоспаны талдағыш
анализатор дымовых газов	түтін газдарын талдағыш
анизотропия скоростей сейсмических волн	сейсмикалық толқындар жылдамдықтарының анизотропиясы
аномалия геофизическая	геофизикалық аномалия
аномалия климатическая	климаттық аномалия
аномалия сейсмического режима	сейсмикалық режим аномалиясы
аномалия циркуляции	айналым аномалиясы
антидоты	антидоттар
антисейсмический	антисейсмикалық
антициклон	антициклон
антропогенная авария	антропогендік апат
антропогенное вещество	антропогендік зат
антропогенная нагрузка	антропогендік жүктеме
антропогенное загрязнение	антропогендік ластану
аппарат дыхательный индивидуальный	жеке тыныс алу аппараты
аппарат дыхательный, работающий на сжатом воздухе	сығылған ауамен жұмыс істейтін тыныс алу аппараты
аппарат кислородный дыхательный	оттегімен тыныс алу аппараты
аппаратура измерительная	өлшеуіш аппаратура

аппаратура передачи данных  
 аппаратура регулирующая  
 аптечка  
 аптечка индивидуальная  
 арматура запорная  
 арматура устройства  
 арматура фонтанная  
 атмосферные осадки  
 аттестация аварийно-спасательных служб  
 аттестация аварийно-спасательных формирований и спасателей  
 аттестация в области промышленной безопасности  
 аттестация инструкторских кадров  
 аттестация спасателей  
 афтершоки  
 аэрация водоема  
 аэрация потока  
 аэрация почвы  
 аэрозольное противодействие  
 аэромобильный отряд  
 аэрофотосъемка

деректер тарату аппаратурасы  
 реттеуші аппаратура  
 дәрі қобдишасы  
 жеке дәрі қобдишасы  
 бекіту арматурасы  
 құрылғы арматурасы  
 бұрқыма арматурасы  
 атмосфералық қалдықтар  
 апаттық-құтқару қызметтерін аттестаттау  
 апаттық-құтқару құралымдары мен құтқарушыларын аттестаттау  
 өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы аттестаттау  
 нұсқаушы мамандарды аттестаттау  
 құтқарушыларды аттестаттау  
 кейінгі дүмпу  
 су айдынының ауалануы  
 су басқан жерлерді ауаландыру  
 топырақты ауаландыру  
 аэрозольдік қарсы іс-қимыл  
 аэромобильді жасақ  
 аэрофототүсіру

## Б

багор пожарный  
 база  
 база данных  
 по чрезвычайным ситуациям  
 базис аккумуляции  
 базис денудации  
 базис оледенения  
 базис эрозии  
 базис эрозии общий  
 базовое шасси  
 бактерия  
 бактерия болезнетворная

өрт кармағы  
 база  
 төтенше жағдайлар жөніндегі деректер базасы  
 аккумуляция базисі  
 денудация базисі  
 мұз басу базисі  
 эрозия базисі  
 жалпы эрозия базисі  
 базалық /негізгі/ шасси  
 бактерия  
 ауру тудырғыш бактерия

<b>баланс</b>	баланс
<b>баланс водный</b>	су балансы
<b>баланс ледника водный</b>	су мұздығының балансы
<b>баланс снежного покрова</b>	қардың түсу балансы
<b>баллон стальной</b>	болат баллон
<b>банк данных</b>	деректер банкі
<b>банк данных по чрезвычайным ситуациям</b>	төтенше жағдайлар жөніндегі деректер банкі
<b>барьер</b>	бөгесін
<b>бассейн бессточный</b>	ағынсыз алап
<b>бассейн водосборный</b>	су жинау алабы
<b>бассейн долинный селевой</b>	алапты сел алабы
<b>бассейн замкнутый</b>	тұйық алап
<b>бассейн напорный</b>	арынды алап
<b>бассейн отстойный</b>	тұндырғы алап
<b>бассейн поверхностных вод</b>	жер үсті суларының алабы
<b>бассейн подземных вод</b>	жер асты суларының алабы
<b>бассейн речной</b>	өзен алабы
<b>бассейн седиментации</b>	седиментация алабы
<b>бассейн селевой</b>	сел алабы
<b>бассейн селевой склоновый</b>	бөктерлі селдік алап
<b>бассейн селеопасный простой</b>	қарапайым селқауіпті алап
<b>бассейн селеопасный сложный</b>	күрделі селқауіпті алап
<b>бассейн суточного регулирования</b>	тәуліктік реттегіш алап
<b>бассейн трещинных вод</b>	жарықшақ су алабы
<b>бассейны и оборудования</b>	алаптар және жабдықтар
<b>башня</b>	мұнара
<b>башня водонапорная</b>	арынды су мұнарасы
<b>башня для сушки рукавов</b>	жендерді кептіруге арналған мұнара
<b>бегом марш</b>	жүгіре адымда
<b>бегущая волна</b>	қума толқын
<b>бедственное положение</b>	мүшкіл жағдай
<b>бедствие</b>	зілзала
<b>бедствие на акваториях</b>	су айдындарындағы апат
<b>бедствие природное</b>	табиғи апат
<b>беженцы</b>	босқындар
<b>без выезда</b>	тұрғылықты жерінде қалу

безвихревой	құйынсыз
безводный	сусыз
безводье	сусыздық
безвозвратные потери	қайтарымсыз шығындар
безопасная зона	қауіпсіз аймақ
безопасное ведение работ	қауіпсіз жұмыс жүргізу
безопасность	қауіпсіздік
безопасность биологическая	биологиялық қауіпсіздік
безопасность ведения работ	қауіпсіз жұмыс істеу
безопасность дорожного движения	жол жүру қауіпсіздігі
безопасность жизнедеятельности	тыныс-тіршілік қауіпсіздігі
безопасность информации	ақпарат қауіпсіздігі
безопасность населения в чрезвычайной ситуации	төтенше жағдайдағы халық қауіпсіздігі
безопасность окружающей среды	қоршаған орта қауіпсіздігі
безопасность персонала и населения	персонал мен халық қауіпсіздігі
безопасность производственного процесса (оборудования)	өндірістік процесс (жабдық) қауіпсіздігі
безопасность территории	аумақ қауіпсіздігі
безопасность труда	еңбек қауіпсіздігі
безопасность человека	адам қауіпсіздігі
безопасные места	қауіпсіз орындар
безопасные условия для человека	адам үшін қауіпсіз жағдайлар
безопасные условия труда	қауіпсіз еңбек жағдайлары
безопасный уровень воздействия химических веществ	химиялық заттардың қауіпсіз әсер ету деңгейі
бензодискорез	бензодискескіш
бензопила	бензоара
беруши (кинология)	арнайы қолғап
беспрепятственный	бөгетсіз, кедергісіз
бесснежный	қарсыз
бесхозный объект	иесіз объектi
бета-излучение	бета сәулелену
бетононасос	құйматас сорғысы
бетон	құйматас
бетонирование	құйматастау

бетонирование безнапорное	арынсыз құйматастау
бетонирование безопалубочное	палубасыз құйматастау
бетонирование вибрационное	дірілдік құйматастау
бетонирование напорное	арынды құйматастау
бетонирование непрерывное	үздіксіз құйматастау
бетонирование послойное	кабаттап құйматастау
бетонирование раздельное	бөліп құйматастау
бинарные химические боеприпасы	бинарлы химиялық ок-дәрілер
биологическая авария	биологиялық апат
биологическая обстановка	биологиялық ахуал
биологическая разведка	төтенше жағдай аймағындағы
в зоне чрезвычайной ситуации	биологиялық барлау
биологически опасное вещество	биологиялық қауіпті зат
биологически опасные объекты	биологиялық қауіпті объектілер
биологические (бактериальные)	биологиялық (бактериялық)
средства	құралдар
биологическое	биологиялық (бактериялық) қару
(бактериологическое) оружие	
биологическое загрязнение	биологиялық ластану
биологическое задержание	биологиялық қыртыстану
биологическое поражение	биологиялық зақымдану
биолого-социальная	биологиялық-әлеуметтік төтенше
чрезвычайная ситуация	жағдай
биоценоз в чрезвычайной	төтенше жағдайлардағы биоценоз
ситуации	
биоцид	биоцид
блиндаж	жертөле
блок	блок
блок газоструйного вакуум-	газ ағысты вакуум-апаратының
аппарата и газовой сирены	және газ дабылының блогы
блок глушения	бітеу блогы
блок дросселирования	дросселдеу блогы
блок питания	коректендіру блогы
блокировка	бұғаттау
блуждающие токи	кезбе токтар
боевая выучка	жауынгерлік машық
боевая готовность	жауынгерлік дайындық
боевая задача	жауынгерлік тапсырма

боевая одежда и снаряжение пожарного	өрт сөндірушінің жауынгерлік киім-кешегі мен жарағы
боевая одежда пожарного	өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі
боевое развертывание	жауынгерлік қанат жаю
боевой и численный состав	жауынгерлік және сандық құрам
боевой расчет	жауынгерлік есептоп
боевой расчет пожарного автомобиля	өрт сөндіру автомобилінің жауынгерлік есебі
боевой робот	жауынгерлік робот
боевой устав	жауынгерлік жарғы
боевой устав противопожарной службы	өртке қарсы қызметтің жауынгерлік жарғысы
боевые действия противопожарной службы по спасению и эвакуации людей	өртке қарсы қызметінің халықты көшіру мен құтқару бойынша жауынгерлік іс-қимылдары
богголовка	оқтұмсық, оқтық
боготовность	жауынгерлік әзірлік
боеприпасы	оқ-дәрілер
боеспособность	жауынгерлік қабілеттілік
болезнь	ауру, дерт
болото	батпак
больница специальная	арнайы аурухана
борт	ернеу
борьба с пожарами	өртпен күрес
борьба с лесными пожарами	орман өртімен күрес
борьба с терроризмом	терроризмге қарсы күрес
бофорта шкала	Бофорт шкаласы
бригада скорой медицинской помощи	жедел медициналық көмек бригадасы
бригада специализированной медицинской помощи	мамандандырылған медициналық көмек бригадасы
бровка	жарқабак
брод	өткел
бронезилет	берен
буран	боран
буран снежный	қарлы боран
бурение	бұрғылау
буровая работа	бұрғылау жұмысы
буровой раствор	бұрғылау ерітіндісі



бурия	дауыл
бурия неистовая	элсіз дауыл
бурия пыльная (черная)	құмды (кара) дауыл
бурия снежная	қарлы дауыл
бурия соленая	тұзды дауыл
быстровозводимые убежища	тез тұрғызылатын паналау ғимараттары
быстроток	тезағын

**В**

вакуум-кран газоструйный	газ шапшытатын вакуум-кран
вакуум-насос	вакуум-сорғыш
вакуумная система	вакуумдық жүйе
вакцинация	вакцинация; егу жұмыстары
ватно-марлевая повязка	мақталы-дәкелі таңғыш
введение режима чрезвычайного положения в зонах ЧС	ТЖ аймақтарында төтенше жағдай режимін енгізу
вводный инструктаж	кіріспе нұсқаулық
вдоль вероятность наполнения	толу ықтималдық шегі
ведомственный, производственный и общественный контроль в области ЧС	ТЖ саласындағы ведомстволық, өндірістік және қоғамдық бақылау
военизированное формирование	әскерилендірілген құралым
вентиляционный выход	желдетпе шығатын орын
вентиляция убежищ	паналау ғимараттарының желдеткіші
веревка для всасывающего рукава	ішке соратын жеңге арналған арқан
вероятность	ықтималдық
вероятность поражения	зақымдану ықтималдығы
вертикальные вихри	асау құйын
вертолет пожарный	өрт сөндіру тікұшағы
верховодка	қалқыма су
верховые пожары	қума өрттер
вершина	шың
вершина зубчатая	тісті шың
ветвь сети связи	байланыс желісінің тармағы
ветер боковой	қапталдағы жел

<b>ветер периодический</b>	мерзімдік жел
<b>ветер порывистый</b>	екпінді жел
<b>ветер ураганной силы</b>	күйынды күші бар жел
<b>ветеринарная лаборатория</b>	ветеринарлық зертхана
<b>ветеринарная обстановка</b>	ветеринарлық ахуал
<b>ветеринарная разведка</b>	ветеринарлық барлау
<b>ветеринарное обеспечение</b>	ветеринарлық қамтамасыз ету
<b>ветровые нагоны</b>	жел айдаған су
<b>ветромер</b>	жел өлшеуіш
<b>вещественное доказательство</b>	айғақ зат
<b>вещество газообразное</b>	өрт сөндіретін газ тәріздес зат
<b>огнетушащее</b>	
<b>вещество галогенизированное</b>	өрт сөндіретін галогенденген зат
<b>огнетушащее</b>	
<b>на водной основе</b>	су түріндегі өрт сөндіргіш зат
<b>вещество радиоактивное</b>	
<b>взаимодействие</b>	радиоактивті зат
<b>взрыв</b>	өзара іс-қимыл
<b>взрывная волна</b>	жарылыс
<b>взрывная работа</b>	жарылыс толқыны
<b>взрывная травма</b>	жарылыс жұмыстары
<b>взрывные работы</b>	жарылыстан болған жаракат
<b>взрывные устройства</b>	жару жұмыстары
<b>взрывобезопасность</b>	жарылыс қондырғылары
<b>взрывоопасная смесь</b>	жарылыс қауіпсіздігі
<b>взрывоопасное вещество</b>	жарылуы қауіпті қоспа
<b>взрывоопасный</b>	жарылыс қауіпі бар зат
<b>взрывопожарные вещества</b>	жарылу қауіпі бар
<b>взрывотехнические работы</b>	жарылу, өртену қауіпі бар заттар
<b>взрывоустойчивость</b>	жарылысты техникалық жұмыстар
<b>взрывчатое вещество</b>	жарылысқа төзімділік
<b>взрывчатые свойства</b>	жарылғыш зат
<b>взыскание</b>	жарылғыш қасиеті
<b>вид транспорта</b>	жаза
<b>виды безопасности</b>	көлік түрі
<b>виды воздействия на человека</b>	қауіпсіздік түрлері
<b>в чрезвычайной ситуации</b>	төтенше жағдайларда адамға әсер ету түрлері



виды воздействия на человека  
в чрезвычайной ситуации

виды жизнеобеспечения  
населения в зоне  
чрезвычайных ситуаций

виды ядерных взрывов

визуальное наблюдение

виновник пожара

виток

виток связи

вихрь

влага

влага капиллярная

влага подземная

влага почвенная

влагоемкость горных пород

влагоемкость наименьшая

влагозапас

влагозапас бассейна

влагозапас почвы

влагозарядка

влагомер

влагомер нейтронный

влагомер электрический

влагомер электронный

влагонасыщенность

влагообеспеченность

влагообмен

влагооборот почвенный

влагоперенос

влагопоглотитель

влагопроводность

влагосодержание воздуха

влагостойкость

владелец

влажность абсолютная

влажность воздуха удельная

төтенше жағдайға тап болған адамға  
әсер ететін ықпал түрлері

төтенше жағдайлар аймағындағы  
халықтың тыныс-тіршілігін  
камтамасыз ету түрлері

ядролық жарылыс түрлері

көзбен шолып байқау

өрттің шығуына себепкер

орам

байланыс орамы

күйын

ылғал

капиллярлық ылғал

жер асты ылғалы

топырақ ылғалы

тау жыныстарының ылғал  
сыйымдылығы

ең төмен ылғал сыйымдылығы

ылғал қоры

алаптағы ылғал қоры

топырақтағы ылғал қоры

ылғалдандыру

ылғал өлшегіш

нейтронды ылғал өлшегіш

электрлік ылғал өлшегіш

электрондық ылғал өлшегіш

ылғал қаныққандық

ылғалмен камтамасыз ету

ылғал ауысуы

топырақтағы ылғал айналымы

ылғал тасымалы

ылғал тартқыш

ылғал өткізгіштік

ауадағы ылғал мөлшері

ылғалға төзімділік

иесі

абсолютті ылғалдылық

ауаның үлестік ылғалдылығы

<b>влажность горной породы (грунта)</b>	тау жынысы (топырақ) ылғалдылығы
<b>влажность допустимая</b>	жол берілген ылғалдылық
<b>влажность критическая</b>	қауіпті ылғалдылық
<b>влажность оптимальная</b>	оңтайлы ылғалдылық
<b>влажность относительная</b>	қатысты ылғалдылық
<b>влажность почвы</b>	топырақ ылғалдылығы
<b>влажность предельная</b>	шекті ылғалдылық
<b>влажность удельная</b>	үлестік ылғалдылық
<b>вливание</b>	күю
<b>влияние на устойчивость геологических структур</b>	геологиялық құрылымдардың тұрақтылығына ықпал ету
<b>влияние солнечной активности на селевую активность</b>	сел белсенділігіне күн белсенділігінің ықпал етуі
<b>вместимость</b>	сыйымдылық
<b>вмешательство (радиационное)</b>	(радиациялық) араға түсу
<b>внезапные выбросы на угольных шахтах</b>	көмір шахталарындағы зиянды заттардың кенеттен сыртқа (ауаға) таралуы
<b>внеочередное техническое освидетельствование</b>	кезектен тыс техникалық куәландыру
<b>внешнее облучение</b>	сыртқы сәулелену
<b>внешний воздействующий фактор</b>	эсер етуші сыртқы фактор
<b>внимание</b>	назар сал
<b>внутреннее облучение</b>	ішкі сәулелену
<b>внутренние водоемы</b>	ішкі суаттар
<b>внутренний противопожарный водопровод</b>	ішкі өртке қарсы су құбыры
<b>вода артезианская</b>	артезиан суы
<b>вода безнапорная</b>	арынсыз су
<b>вода грунтовая (почвенная)</b>	ызасу; жер асты суы
<b>вода грязная</b>	лас су
<b>вода дренажная</b>	қашыртқы су
<b>вода жесткая</b>	кермек су
<b>вода загрязненная</b>	ластанған су
<b>вода законтурная</b>	шек сыртындағы су
<b>вода запертая</b>	жабық су
<b>вода запруженная</b>	серішпелі су
<b>вода застойная</b>	іркілген су

вода зоны аэрации	ауа жіберу аймағының суы
вода иловая	тұнба су
вода инфильтрационная	сiңбе су
вода контурная	шек iшiндегi су
вода ливневая	нөсер суы
вода малая	тартылған су
вода межмерзлотная	тоң арасындағы су
вода межпластовая	қабатаралық су
вода мутная	күңгірт су
вода мягкая	жұмсақ су
вода напорная	арынды су
вода незамерзающая	қатпайтын су
вода озерная	көл суы
вода паводковая	тасқын су
вода питьевая	ауыз су
вода пластовая	қабат суы
вода пластово-трещинная	қабат-жарықшак арасындағы су
вода поверхностная	жер асты суы
вода погребенная	көмбе су
вода подледниковая	мұздақ асты суы
вода подмерзлотная	тоң асты суы
вода подпочвенная	топырақ асты суы
вода подрусловая	арна асты суы
вода полая	жайылма суы
вода поровая	қуыстық су
вода почвенная	топырақ суы
вода промышленная	өнеркәсіптік су
вода речная	өзен суы
вода сбросная	шығарынды су
вода сточная	ағынды су
вода стоячая	ағынсыз су
вода термальная	термалдық су
вода техническая	техникалық су
вода техногенная	техногендік су
вода трещинная	жарықшак суы
вода трещинно-карстовая	жарықшактық-карстылы су
вода фильтрационная	филтрленген су

вода хозяйственно-питьевая	шаруашылық-ауыз суы
вода чистая	таза су
вода шахтная	шақты суы
водная преграда	су бөгеу
водно-спасательная служба	суда құтқару қызметі
водно-спасательное формирование	судан құтқару құралымы
водность	сулылық
водные заграждения	су бөгеттері
водный	сулы
водобой	су қакқыш
водовод	су құбыры
водоворот	ірім, тартпа, жылым
водовыпуск	су шығару
водовыпуск сифонный	сифонды су шығару
водовыпуск трубчатый	құбырлы су шығару
водогрейные котлы	су жылытатын қазандар
водоем	суайдын
водоем остаточный	қалдық су
водоемкий	су айдынды
водоемкость	су айдындық
водозабор	су бөгеуі; су тоғаны; су дуалы
водозабор бесплотинный	бөгетсіз су дуалы
водозабор инфильтрационный	фильтр ішіндегі су дуалы
водозабор ковшовый	ожау тәріздес су дуалы
водозабор комбинированный	біріктірілген су дуалы
водозабор лучевой	сәулелі су
водозабор передвижной	жылжымалы су дуалы
водозабор плавучий	қалқымалы су дуалы
водозабор русловой	арнадағы су дуалы
водозаборные сооружения	бас саға құрылыстары; су іркіш құрылыстары
водоизмерительный	су өлшейтін
водоисточник	су көзі
водокачка	су тартқыш
водолаз	сүнгуір
водолазная беспроводная связь	сүнгуірдің сымсыз байланысы
водолазная маска	сүнгуір бетпердесі



<b>водолазная техника</b>	сүңгуір техникасы
<b>водолазное дело</b>	сүңгуірлік іс
<b>водолазное имущество</b>	сүңгуірлік мүлік
<b>водолазное снаряжение</b>	сүңгуірлік жабдықтар
<b>водолазные работы</b>	сүңгуірлік жұмыстар
<b>водолазные спуски</b>	күрделі жағдайлардағы сүңгуір
<b>в сложных условиях</b>	жұмыстары
<b>водолазные спуски и работы</b>	су астына түсулер және жұмыстары
<b>водолазные трапы</b>	сүңгуірлік бақыш
<b>водолазный инструмент</b>	сүңгуірлік құрал-сайман
<b>водолазный колокол</b>	сүңгуір қонырауы
<b>водолазный костюм</b>	сүңгуір костюмі
<b>водолазный пост</b>	сүңгуірлік бекет
<b>водолазный скафандр</b>	сүңгуірлік скафандр
<b>водолазный состав</b>	сүңгуірлік құрам
<b>водолазный спуск</b>	сүңгуірлердің орта тереңдікке түсуі
<b>на средние глубины</b>	
<b>водолазный шланг</b>	сүңгуір құбыршек
<b>водолазный шлем</b>	сүңгуір дулығасы
<b>водомер</b>	су өлшеуіш
<b>водомер крыльчатый</b>	арналы су өлшеуіш
<b>водомер многоструйный</b>	көп ағынды су өлшеуіш
<b>водомер турбинный</b>	құбыр суын өлшеуіш
<b>водонапорный</b>	суарынды
<b>водонасыщение пород</b>	жыныс су қанықтығы
<b>водонасыщенность</b>	су қанықтық
<b>водонепроницаемость</b>	су өтпейтін
<b>водоносный</b>	су тұтқыш
<b>водоносный пласт</b>	сулы қабат
<b>водообильность горных пород</b>	тау жыныстарындағы су құйылу
<b>водообильность породы</b>	жыныстардағы су құйылу
<b>водообмен</b>	су алмасу
<b>водоотвод</b>	суәкеткі
<b>водоохранная зона</b>	су қорғалатын аймақ
<b>водоочистка</b>	суды тазарту
<b>водопад</b>	сарқырама
<b>водопенные коммуникации</b>	су-көбікті байланыстар

<b>водопровод</b>	су құбыры
<b>водопровод пожарный кольцевой</b>	өрт сөндіру сақиналы су құбыры
<b>водопровод пожарный тупиковый</b>	тұйықталған өрт сөндіру су құбыры
<b>водопровод пожарный тупиковый</b>	өрт-тұйықтық су құбыры
<b>водопроницаемость</b>	сусіңіргіштік
<b>водораспылитель</b>	субүркігіш
<b>водоросль</b>	балдыр
<b>водосбор</b>	су жинау
<b>водосброс</b>	су ағыту, су қашыртқы
<b>водосбросный тракт</b>	суқашыртқы трактысы
<b>водосливная выработка</b>	су құю қазбасы
<b>водоснабжение</b>	сумен қамтамасыз ету
<b>водоспуск</b>	суағар («водосток», «водослив» сөздері де сөздіктерде суағар деп берілген, сондықтан бұл сөзге басқа балама табу керек деп санаймыз)
<b>водосток</b>	суақпа
<b>водоток</b>	ағын су
<b>водохранилище</b>	су қоймасы
<b>водоохранная зона</b>	су қорғау аймағы
<b>воды внешние</b>	қар суы
<b>воды подземные карствые</b>	кеуекті жерасты суы
<b>военизированная горно – спасательная часть</b>	әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімі
<b>военизированная пожарная охрана</b>	әскерилендірілген өрт сөндірушілер күзеті
<b>военизированные горно-спасательные части</b>	әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімдері
<b>военизированные части противопожарных и аварийно-спасательных работ</b>	өрттен қорғау және апаттық-құтқару жұмыстарының әскери бөлімі
<b>военизированный</b>	әскерилендірілген
